

Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 желтоқсан N 1596. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексін (Салық кодексін) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлемнің жылдық ставкасы 1 жалпы тіркелімдік тонна үшін 0,26 айлық есептік көрсеткіш есебінен б е к і т і л с і н .

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қ а у л ы с ы м е н .

3. "Кеме қатынайтын су жолдарын пайдаланғаны үшін төлем алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 тамыздағы N 1308 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 36-37, 441-кұжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бір ай мерзімде өзінің бұрын қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға с ә й к е с к е л т і р с і н .

5. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е м ь е р - М и н и с т р і